

Кәсіптік орта білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгі ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 4 наурыздағы N 208 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 17.05.2013 № 499 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Кәсіптік орта білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгі ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 5

ж ы л ғ ы

4

н а у р ы з д а ғ ы

N

2 0 8

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Кәсіптік орта білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгі ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Кәсіптік орта білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгі ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес меншік нысандарына және

ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, кәсіптік орта білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің тәртібін айқындайды. Z070319

2. Кәсіптік орта білім кәсіптік орта білім беру ұйымдарында (колледждерде, училищелерде) негізгі жалпы, жалпы орта және кәсіптік бастауыш білім беру базасында конкурстық негізде алынады және кәсіптік орта білімі бар мамандарды даярлауға бағытталған.

3. Кәсіптік орта білім беру ұйымдары алдында мынадай міндеттер тұр:

1) ұлттық және жалпы адами құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке тұлғаның қалыптасуына, дамуына және кәсіби танылуына бағытталған қажетті жағдайлар жасау жолымен кәсіптік орта білімнің кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыру;

2) нақты мамандық пен кәсіп бойынша қажетті теориялық білімі мен практикалық дағдылары бар кәсіптік орта білімді білікті мамандар даярлау, оларды қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру;

3) еңбек нарығы мен жұмыс берушілер талаптарын ескере отырып, білікті мамандарды даярлаудың сапасын тұрақты түрде жетілдіру;

4) оқытудың жаңа технологияларын енгізу, кәсіптік орта білім беру ұйымдарының қызметін ақпараттандыру.

4. Кәсіптік орта білім беру ұйымдары:

1) мемлекеттік;

2) жеке меншік болуы мүмкін.

5. Кәсіптік орта білім беру ұйымдары өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңдарына және өзге де нормативтік құқықтық кесімдеріне, сондай-ақ осы Ережеге және оның негізінде әзірленген жарғыға сәйкес жүзеге асырады.

2. Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру

6. Кәсіптік орта білім беру ұйымдары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен оқу-тәрбие процесін, ғылыми-педагогикалық қызметті дербес ұйымдастырады.

Кәсіптік орта, қосымша кәсіптік білім берудің әртүрлі білім беру бағдарламаларын іске асырады, олардың мазмұны мамандықтар бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарымен регламенттеледі.

7. Нақты мамандық бойынша білім беру бағдарламаларының мазмұны, оларды игеру мерзімдері мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес ұйымдар әзірлейтін жұмыс оқу жоспарларымен және бағдарламаларымен айқындалады.

8. Ұқсас мамандықтар бойынша жалпы орта білімі, кәсіптік бастауыш білімі бар азаматтардың қысқартылған, жеделдетілген бағдарламалар бойынша кәсіптік орта білім алуына болады.

9. Тиісті лицензиясы болған жағдайда кәсіптік орта білім беру ұйымдарында жалпы орта және кәсіптік бастауыш білім беру бағдарламалары іске асырылуы мүмкін.

10. Кәсіптік орта білім беру ұйымдарында оқыту мынадай нысандарда жүзеге асырылуы мүмкін: күндізгі, сырттай, кешкі оқыту, қашықтықтан оқыту және экстернат.

11. Кәсіптік орта білім беру ұйымында қабылдау тәртібі білім беру саласындағы орталық атқарушы орган бекітетін кәсіптік орта оқу орындарына қабылдаудың Үлгі ережесіне сәйкес белгіленеді.

12. Кәсіптік орта білім беру ұйымында азаматтарды қабылдау кезінде ұйым оны және (немесе) оның ата-анасын немесе өзге заңды өкілдерін ұйымның жарғысымен, білім беру қызметін жүргізу құқығына берілген лицензиямен және қабылдау тәртібі мен оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруды регламенттейтін басқа да құжаттармен таныстыруға міндетті.

13. Кәсіптік орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды ауыстыру және оқуға қайта алу білім беру саласындағы орталық атқарушы орган бекітетін тәртіппен жүзеге асырылады.

14. Білім алушылар кәсіптік орта білім беру ұйымдары оқушыларының құрамынан :

- 1) өз еркімен;
- 2) дәрігерлік-консультациялық комиссияның (бұдан әрі - ДКК) қорытынды анықтамасы негізінде денсаулық жағдайына байланысты;
- 3) басқа білім беру ұйымына ауысуына байланысты;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де жағдайларда да шығарылуы мүмкін.

15. Кәсіптік орта білім беру ұйымдарының білім алушыларының үлгерімін ағымдағы бақылау, оларды аралық және қорытынды аттестаттау білім беру саласындағы орталық атқарушы орган бекітетін тәртіппен жүзеге асырылады.

16. Оқытудың күндізгі нысаны бойынша білім алушыларға академиялық демалыстар беру білім беру саласындағы орталық атқарушы орган бекітетін тәртіппен жүзеге асырылады.

17. Кәсіптік орта білім беру ұйымдарында оқу сабақтарының мынадай түрлері белгіленеді: сабақ, лекция, семинар, практикалық сабақ, зертханалық жұмыс, бақылау жұмысы, өз бетінше жұмыс, консультация, практика, курстық және дипломдық жобалау (курстық және дипломдық жұмыс). Аудиториялық сабақтардың барлық түрлеріне ұзақтығы 45 минут белгіленеді, қажет болған

жағдайда 2 сабақтан кейін 5 және 10 минуттық үзіліспен қосарланған сабақтар өткізуге болады.

Оқу сабақтарының әралуан түрлерін өткізу мерзімдері оқу процесі кестесіне сәйкес белгіленеді.

18. Білім алушылармен оқу сабақтарын ұйымдастыру және өткізу үшін ұйымдарда оқу топтары құрылады.

Санитарлық ережелер мен нормаларға сәйкес топтардың толықтырылуын Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы орталық атқарушы органы айқындайды.

Оқу-өндірістік шеберханаларда, оқу полигондарында, оқу шаруашылықтарында зертханалық жұмыстарды, практикалық және семинар оның ішінде дене тәрбиесі сабақтарын және тізбесі оқу жоспарына сәйкес белгіленетін кәсіби оқытудың жекелеген пәндері бойынша сабақтарды өткізу кезінде оқу топтары кіші топтарға бөлінуі мүмкін.

Мамандықтардың бейіні ерекшелігін ескере отырып, сабақтар жекелеген оқушылармен де жеке сабақтар түрінде өткізілуі мүмкін.

19. Кәсіптік практиканың түрлері, мерзімдері мен мазмұны мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес жұмыс оқу жоспарларымен және бағдарламаларымен айқындалады.

20. Мамандықтың бейіні бойынша кәсіптік практика (технологиялық және диплом алдындағы) кәсіптік орта білім беру ұйымдары мен кәсіпорындардың (мекемелердің) арасында жасалған шарттар негізінде ұйымдарда (кәсіпорындарда мекемелерде) өткізіледі.

Кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу тәртібі үлгі оқу жоспарлары мен бағдарламалары негізінде әзірленетін жұмыс оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

21. Кәсіптік орта білім беру ұйымдарында тілдер бойынша оқыту Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

22. Білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеудің сапасын, оқытушылардың педагогикалық шеберлігін арттыру және әдістемелік жұмысты жетілдіру мақсатында кәсіптік орта білім беру ұйымдарында педагогикалық, оқу-әдістемелік, қамқоршылық кеңестер құрылады.

3. Кәсіптік орта білім беру ұйымдарының құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастыру

23. Кәсіптік орта білім беру ұйымдарда оқу-тәрбие процесін сапалы ұйымдастыруды қамтамасыз ету мақсатында филиалдар, мамандықтар топтары бойынша бөлімшелер, кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау

бөлімшелері, даярлық курстары, оқу-өндірістік шеберханалар, оқу-консультациялық пункттер, оқу шаруашылықтары, оқу полигондары және басқа да құрылымдық бөлімшелер құрылуы мүмкін.

24. Оқу шеберханаларындағы білікті өндірістік жұмыстардың тізбесін, мазмұнын және оларды орындау жөніндегі талаптарды олар үшін мамандар даярлау жүзеге асырылатын кәсіпорын мен мекеме өкілінің келісімі бойынша тікелей кәсіптік орта білім беру ұйымы анықтайды.

25. Оқу шеберханасындағы практикалық сабақтарды ұйымдастыруды өндірістік оқыту шебері жүзеге асырады.

4. Кәсіптік орта білім беру ұйымын басқару

26. Кәсіптік орта білім беру ұйымын басқару Қазақстан Республикасының заңнамасына осы Ережеге және ұйымның жарғысына сәйкес жүзеге асырылады.

27. Кәсіптік орта білім беру ұйымын тікелей басқаруды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен құрылтайшы тағайындайтын басшы жүзеге асырады.

28. Кәсіптік орта білім беру ұйымдары әртүрлі оқу-әдістемелік бірлестіктердің жұмысына қатыса алады.